

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі бухгалтерлік есептің есепшот жоспарын бекіту туралы" 2000 жылғы 15 қарашадағы N 419 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі бухгалтерлік есептің есепшот жоспарына толықтыруларды бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2001 жылғы 9 сәуірдегі N 90 қаулысы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2001 жылғы 18 сәуірде тіркелді. Тіркеу N 1467. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2010 жылғы 1 қарашадағы № 88 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2010.11.01 № 88 Қаулысымен.

"Қазақстан Республикасы азаматтарының ақшаны жария етуіне байланысты оларға рақымшылық жасау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес рақымшылық жасалған Қазақстан Республикасы азаматтарының ақшаны жария етуі жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі бухгалтерлік есептің есепшот жоспарын бекіту туралы" 2000 жылғы 15 қарашадағы N 419 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі бухгалтерлік есептің есепшот жоспарына толықтырулар бекітілсін және Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енгізілсін.

2. Бухгалтерлік есеп департаменті (Шалғымбаева Н.Т.):

1) Заң департаментімен (Шәріпов С.Б.) бірлесіп осы қаулыны және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2000 жылғы 15 қарашадағы N 419 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі бухгалтерлік есептің есепшот жоспарына толықтыруларды Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу **ш а р л а р ы н** **қ а б ы л д а с ы н ;**

2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастап екі күндік мерзімде осы қаулыны және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2000 жылғы 15 қарашадағы N

419 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі бухгалтерлік есептің есепшот жоспарына толықтыруларды Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің орталық аппаратының мүдделі бөлімшелеріне, аумақтық филиалдарына және екінші деңгейдегі банктерге ж і б е р с і н .

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Н.Қ. Абдуллинаға жүктелсін.

Ұ л т т ы қ Б а н к і

Төрағасы

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі Басқармасының
2001 жылғы 9 сәуірдегі N 90

қаулысымен бекітілген

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының "Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде бухгалтерлік есепке алу есепшоттарының жоспарын бекіту туралы" 2000 жылғы 15 қарашадағы N 419 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі бухгалтерлік есепке алу есепшоттарының жоспарына толықтырулар

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2000 жылғы 15 қарашадағы N 419 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі бухгалтерлік есепке алу есепшоттарының жоспарының (бұдан әрі - Есепшот жоспары) 2-тарауына мынадай толықтыру енгізілсін:

1) 2200 есепшоттарының тобы "Қазақстан Республикасы азаматтарының ақшаны жария ету жөніндегі арнайы есепшоттары" 2222 есепшотпен т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

2) 2700 есепшоттарының тобы "Қазақстан Республикасы азаматтарының ақшаны жария ету жөніндегі арнайы есепшоттары бойынша есептелген шығыстар" 2722 есепшотпен толықтырылсын;

3) 5200 есепшоттарының тобы "Қазақстан Республикасы азаматтарының ақшаны жария ету жөніндегі арнайы есепшоттары бойынша сыйақы төлеуге байланысты шығыстар" 5222 есепшотпен толықтырылсын.

2. Есепшоттар жоспарының 3-тарауына мынадай толықтыру енгізілсін:

1) 2221 есепшоттың сипаттамасынан кейін 2222 есепшоттың сипаттамасы мынадай мазмұндағы сипаттамамен толықтырылсын:

"2222. Қазақстан Республикасы азаматтарының ақшаны жария ету жөніндегі арнайы есепшоттары (пассив).

Есепшоттың мақсаты: Қазақстан Республикасы азаматтарының ақшаны жария еткен ақшасын есепке алу;

Есепшоттың кредиті бойынша Қазақстан Республикасы азаматтарының ақшаны жария ету жөніндегі арнайы есепшоттарына түскен Қазақстан Республикасы азаматтарының ақшасы өткізіледі;

Есепшоттың дебеті бойынша Қазақстан Республикасы азаматтарының ақшаны жария ету жөніндегі арнайы есепшоттарындағы Қазақстан Республикасы азаматтарының ақшасы есептен шығарылады";

2) 2721 есепшоттың сипаттамасынан кейін 2722 есепшоттың сипаттамасы мынадай мазмұндағы сипаттамамен толықтырылсын:

"2722. Қазақстан Республикасы азаматтарының ақшаны жария ету жөніндегі арнайы есепшоттары бойынша есептелген шығыстар (пассив).

Есепшоттың мақсаты: Осы кезеңге жатқызылған, Қазақстан Республикасы азаматтарының ақшаны жария ету жөніндегі арнайы есепшоттары бойынша сыйақы төлеуге байланысты есептелген, бірақ төленбеген, төлемі келешекте жасалатын соманы есепке алу;

Есепшоттың кредиті бойынша осы кезеңге жатқызылған, Қазақстан Республикасы азаматтарының ақшаны жария ету жөніндегі арнайы есепшоттары бойынша сыйақы төлеуге байланысты есептелген, бірақ төленбеген, төлемі келешекте жасалатын сома өткізіледі;

Есепшоттың дебеті бойынша Қазақстан Республикасы азаматтарының ақшаны жария ету жөніндегі арнайы есепшоттары бойынша сыйақыны банктерге төлеу кезінде, оны төлеуге байланысты есептелген шығыстар есептен шығарылады;

3) 5221 есепшоттың сипаттамасынан кейін 5222 есепшоттың сипаттамасы мынадай мазмұндағы сипаттамамен толықтырылсын:

"2722. Қазақстан Республикасы азаматтарының ақшаны жария ету жөніндегі арнайы есепшоттары бойынша есептелген шығыстар.

Есепшоттың мақсаты: Қазақстан Республикасы азаматтарының ақшаны жария ету жөніндегі арнайы есепшоттар бойынша сыйақы төлеуге байланысты есептелген шығыстарды есепке алу;

Есепшоттың дебеті бойынша Қазақстан Республикасы азаматтарының ақшаны жария ету жөніндегі арнайы есепшоттары бойынша сыйақыны төлеуге байланысты есептелген шығыстар өткізіледі.

Есепшоттың кредиті бойынша Қазақстан Республикасы азаматтарының ақшаны жария ету жөніндегі арнайы есепшоттары бойынша сыйақы төлеуге байланысты есептелген шығыстар сомасы "салыққа дейін кіріс" N 4999 баланстан тыс есепшотқа шығарылады.

Ұ л т т ы қ б а н к

Төрағасы

М а м а н д а р :
И к е б а е в а А . Ж .

Жұманазарова А.Б.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК